

"Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асырудың кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 қазандағы № 1192 Қаулысы.

"Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 45-бабының 2-тармағына, 66-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.12.2022 № 1126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасы құқық қорғау органының, азаматтық қорғау органының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметінің қызметкері қызметтік міндеттерін атқарып жүрген кезеңінде мертіккен (жарақаттанған, жараланған, контузия алған) жағдайда оған біржолғы өтемақы төлеу, сондай-ақ ол қызметтік міндеттерін атқарып жүрген кезінде науқастануы, мертігуі (жарақаттануы, жаралануы, контузия алуы) салдарынан қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда оны алуға құқығы бар адамдарға төлеу қағидалары;

2) Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының, азаматтық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметінің қызметкерлерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына және халықаралық ұйымдарға іссапарға жіберу қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.12.2022 № 1126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2011 жылғы 20 қазандағы
№ 1192 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы құқық қорғау органының, азаматтық қорғау органының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметінің қызметкері қызметтік міндеттерін атқарып жүрген кезеңінде мертіккен (жарақаттанған, жараланған, контузия алған) жағдайда оған біржолғы өтемақы төлеу, сондай-ақ ол қызметтік міндеттерін атқарып жүрген кезінде науқастануы, мертігуі (жарақаттануы, жаралануы, контузия алуы) салдарынан қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда оны алуға құқығы бар адамдарға төлеу қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.12.2022 № 1126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Осы Қазақстан Республикасы құқық қорғау органының, азаматтық қорғау органының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметінің қызметкері қызметтік міндеттерін атқарып жүрген кезеңінде мертіккен (жарақаттанған, жараланған, контузия алған) жағдайда оған біржолғы өтемақы төлеу, сондай-ақ ол қызметтік міндеттерін атқарып жүрген кезінде науқастануы, мертігуі (жарақаттануы, жаралануы, контузия алуы) салдарынан қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда оны алуға құқығы бар адамдарға төлеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 66-бабының 1, 2 және 3-тармақтарына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы құқық қорғау органының, азаматтық қорғау органының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметінің қызметкері (бұдан әрі – қызметкер) қызметтік міндеттерін атқарып жүрген кезеңінде науқастанған, мертіккен (жарақаттанған, жараланған, контузия алған) жағдайда оған біржолғы өтемақы төлеу, сондай-ақ ол қызметтік міндеттерін атқарып жүрген кезінде науқастануы, мертігуі (жарақаттануы, жаралануы, контузия алуы) салдарынан қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда оны алуға құқығы бар адамдарға төлеу тәртібін айқындайды.

2. Біржолғы өтемақыны төлеу қызметкерге немесе оны алуға құқығы бар адамдарға мынадай жағдайларда:

1) қызметкер қызметтік міндеттерін атқарып жүрген кезінде науқастануы, мертігуі (жарақаттануы, жаралануы, контузия алуы) салдарынан не қызметтік міндеттерін атқарып жүрген кезінде науқастануы, мертігуі (жарақаттануы, жаралануы, контузия алуы) салдарынан қызметтен босатылғаннан кейінгі бір жыл ішінде қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда (қызметкердің асырауындағы адамдар немесе мұрагерлері біржолғы өтемақы алуға құқығы бар адамдар болып табылады);

2) қызметкерге қызметтік міндеттерін атқарып жүрген кезінде науқастануы, мертігуі (жарақаттануы, жаралануы, контузия алуы) салдарынан немесе қызметкер қызметтік міндеттерін атқарып жүрген кезінде науқастануы, мертігуі (жарақаттануы, жаралануы, контузия алуы) салдарынан қызметтен босатылған күнінен бастап бір жыл өткенге дейін мүгедектік белгіленген кезде;

3) қызметкер қызметтік міндеттерін атқарып жүрген кезінде мүгедектікке әкеп соқтырмайтын ауыр немесе жеңіл мертіккен (жарақаттанған, жараланған, контузия алған) жағдайда жүргізіледі.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 09.10.2025 № 837 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Біржолғы өтемақыны алу үшін қызметкер немесе оны алуға құқығы бар адамдар мынадай құжаттарды ресімдейді және қызметкер қызмет өткерген жердегі құқық қорғау органының, азаматтық қорғау органының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қаржы бөлімшесіне (бұдан әрі – қаржы бөлімшесі) ұсынады:

1) қызметкер қызметтік міндеттерін атқарып жүрген кезінде науқастануы, мертігуі (жарақаттануы, жаралануы, контузия алуы) салдарынан не қызметтік міндеттерін атқарып жүрген кезінде науқастануы, мертігуі (жарақаттануы, жаралануы, контузия алуы) салдарынан қызметтен босатылғаннан кейін бір жыл ішінде қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда:

осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес өтініш;

қайтыс болу туралы куәліктің көшірмесі не қайтыс болу туралы хабарлама;

қаза тапқан (қайтыс болған) адамның қызмет өткерген жерінен қаза табуының (қайтыс болуының) мән-жайлары туралы қорытындының көшірмесі;

егер төлемге өтініш берген адам қаза тапқан (қайтыс болған) адамның мұрагері болып табылса, мұраға құқығы туралы куәлік;

асырауында болғаны туралы анықтама;

қаза тапқан (қайтыс болған) адамның қаза тапқан (қайтыс болған) күнгі ақшалай үлесі туралы қаржы бөлімшесінің анықтамасы.

Бұдан басқа, осы Қағидалардың 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген оқиғалар туындаған кезде денсаулығына келтірілген зақымның салдарынан бір жыл өткенге дейін қайтыс болған қызметкердің қаза табу (қайтыс болу) фактісі бойынша әскери-дәрігерлік комиссияның (бұдан әрі – ӘДК) қорытындысы ұсынылады.

2) қызметкерге қызметтік міндеттерін атқарып жүрген кезінде науқастануы, мертігуі (жарақаттануы, жаралануы, контузия алуы) салдарынан болған мүгедектік белгіленген кезде:

осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес өтініш;

қызметкердің қызмет өткеру орнынан берілген науқастануының, мертігуінің (жарақаттануының, жаралануының, контузия алуының) мән-жайлары туралы қорытындының көшірмесі;

денсаулыққа зақым келтірілу фактісін растайтын ӘДК берген қорытындының аталған ӘДК-нің мөрімен куәландырылған көшірмесі;

қызметкердің науқастанған, мертіккен (жарақаттанған, жараланған, контузия алған) күнгі ақшалай үлесі туралы қаржы бөлімшесінің анықтамасы;

мүгедектік туралы анықтаманың көшірмесі;

3) осы Қағидалардың 2-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген оқиғалар туындаған кезде қызметкер ауыр немесе жеңіл мертіккен жағдайда:

осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес өтініш;

қызметкердің қызмет өткерген жерінен ауыр немесе жеңіл мертігуінің мән-жайлары туралы қорытындының көшірмесі;

емдеу-профилактикалық мекемесінің не ӘДК-нің мертігудің ауырлығы туралы анықтамасы;

қызметкердің оқиға болған күнгі ақшалай үлесі туралы қаржы бөлімшесінің анықтамасы.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 09.10.2025 № 837 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Қызметкерге қызметтік міндеттерін атқарып жүрген кезінде науқастануы, мертігуі (жарақаттануы, жаралануы, контузия алуы) салдарынан немесе қызметкер қызметтік міндеттерін атқарып жүрген кезінде науқастануы, мертігуі (жарақаттануы, жаралануы, контузия алуы) салдарынан құқық қорғау қызметінен босатылған күннен бастап бір жыл өткенге дейін болған мүгедектік белгіленген кезде біржолғы өтемақы:

1) бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға – отыз айлық ақшалай үлесі;

2) екінші топтағы мүгедектігі бар адамға – он сегіз айлық ақшалай үлесі;

3) үшінші топтағы мүгедектігі бар адамға – алты айлық ақшалай үлесі мөлшерінде төленеді.

5. Қызметкер немесе біржолғы өтемақы алуға құқығы бар адамдар өтемақы төлеу туралы өтінішпен жүгінген кезде қаржы бөлімшесі осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген құжаттардың толық және дұрыс ресімделуін тексереді және құқық қорғау органы, азаматтық қорғау органы немесе мемлекеттік фельдъегерлік қызмет басшысының атына ресімделген өтінішті ол келіп түскен күні осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес қызметкер өзінің қызметтік міндеттерін атқарып жүрген кезеңінде мертіккен (жарақаттанған, жараланған, контузия алған) жағдайда оған, сондай-ақ ол қызметтік міндеттерін атқарып жүрген кезінде науқастануы, мертігуі (жарақаттануы, жаралануы, контузия алуы) салдарынан қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда оны алуға құқығы бар адамдарға біржолғы өтемақы төлеуге өтініштерді тіркеу журналында тіркейді.

6. Қызметкер қызметтік міндеттерін атқарып жүрген кезінде не орындалуы міндетті қызметтік міндеттерін атқарып жүрген кезінде науқастануы, мертігуі (жарақаттануы, жаралануы, контузия алуы) салдарынан қызметтен босатылғаннан кейін бір жыл ішінде қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда асырауындағы адамдарға немесе мұрагерлеріне соңғы атқарған лауазымы бойынша алпыс айлық ақшалай үлесі мөлшерінде біржолғы өтемақы төленеді.

7. Егер қызметкердің қазасы (қайтыс болуы), науқастануы, мертігуі (жарақаттануы, жаралануы, контузия алуы) қызметтік міндеттерін атқаруға қатысы жоқ мән-жайларға байланысты болғаны белгіленген тәртіппен дәлелденсе, тиісті құжаттар ресімделмейді және біржолғы өтемақы төленбейді.

8. Біржолғы өтемақы төлеуді Қазақстан Республикасы құқық қорғау органының, азаматтық қорғау органының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметінің қаржы бөлімшесі осы мақсаттарға республикалық және жергілікті бюджеттерде көзделген қаражат есебінен Қазақстан Республикасының шегіндегі екінші деңгейдегі банктегі алушының дербес шотына аудару, сондай-ақ оларды өтініш берілген сәттен бастап екі ай ішінде пошта арқылы аудару жолымен барлық құжаттардың заңдылығы, анықтығы және толықтығы негізінде жүргізеді.

Кәмелетке толмаған алушыға біржолғы өтемақыны төлеу оның тұрғылықты жері бойынша екінші деңгейдегі банктегі жеке шотына аудару арқылы ғана жүргізіледі, қорғаншылық және қамқоршылық органдары, сондай-ақ оның заңды өкілдері өтініш берілген сәттен бастап екі ай ішінде бір мезгілде хабардар етіледі.

9. Осы Қағидалардың 2-тармағында көзделген жағдайларда Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының, азаматтық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметінің кадр қызметтері қызметкерлерді немесе өтемақы алуға құқығы бар адамдарды қаржы бөлімшесіне біржолғы өтемақы төлеу туралы өтініш беру қажеттігі туралы үш күн мерзімде жазбаша хабардар етеді.

10. Қызметкерлер қаза тапқан (қайтыс болған) немесе мертіккен жағдайда залалды өтеу жөніндегі жұмысқа жалпы басшылықты Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының, азаматтық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметінің кадр және қаржы қызметтері жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы құқық
қорғау органының, азаматтық
қорғау органының, мемлекеттік
фельдъегерлік қызметінің
қызметкері қызметтік
міндеттерін атқарып жүрген
кезеңінде мертіккен
(жарақаттанған, жараланған,
контузия алған) жағдайда оған
біржолғы өтемақы төлеу,
сондай-ақ ол қызметтік
міндеттерін атқарып жүрген
кезеңінде науқастануы, мертігуі
(жарақаттануы, жаралануы,
контузия алуы) салдарынан қаза
тапқан (қайтыс болған)
жағдайда оны алуға құқығы бар
адамдарға төлеу қағидаларына
1-қосымша

Кімге _____

(құқық қорғау органы,
азаматтық қорғау органы,
мемлекеттік фельдъегерлік
қызмет басшысының лауазымы,
арнаулы атағы немесе сыныптық
шені, Т.А.Ә. (бар болса)
кімнен _____

мекенжайы
бойынша тұратын

(өтініш берушінің Т.А.Ә.
(бар болса)
ЖСН _____

Біржолғы өтемақы төлеуге өтініш

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.12.2022 № 1126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Сізден _____

(залал өтелуі тиіс оқиғаның сипаты көрсетіледі)

байланысты маған біржолғы өтемақы төлеуді сұраймын.

Маған тиісті соманы _____

(банктің атауы, банктің БСН, банктің БСК, алушының жеке есеп шотының №
немесе оның байланыс бөлімшесі арқылы

аударылған жағдайда оның мекенжайы) аударуды сұраймын.

Өтінішке мынадай құжаттарды қоса беремін:

1. _____
2. _____
3. _____

Өтініш иесінің қолы _____ 20__ жылғы "___" _____

Құжаттар 20__ жылғы "___" _____ қабылданды. Қолы _____

(құжаттарды қабылдаған адамның қолы)

Қазақстан Республикасы құқық
қорғау органының, азаматтық
қорғау органының, мемлекеттік
фельдъегерлік қызметінің
қызметкері қызметтік
міндеттерін атқарып жүрген
кезеңінде мертіккен
(жарақаттанған, жараланған,
контузия алған) жағдайда оған
біржолғы өтемақы төлеу,
сондай-ақ ол қызметтік
міндеттерін атқарып жүрген
кезінде науқастануы, мертігуі

(жарақаттануы, жаралануы,
контузия алуы) салдарынан қаза
тапқан (қайтыс болған)
жағдайда оны алуға құқығы бар
адамдарға төлеу қағидаларына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы құқық қорғау органының, азаматтық қорғау органының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметінің қызметкері өзінің қызметтік міндеттерін атқарып жүрген кезеңінде мертліккен (жарақаттанған, жараланған, контузия алған) жағдайда оған, сондай-ақ ол қызметтік міндеттерін атқарып жүрген кезде науқастануы, мертігуі (жарақаттануы, жаралануы, контузия алуы) салдарынан қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда оны алуға құқығы бар адамдарға біржолғы өтемақы төлеуге өтініштерді тіркеу журналы

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.12.2022 № 1126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р/с №	Мертліккен, оның ішінде қайтыс болған қызметкердің Т.А.Ә. (бар болса) және о н ы ң мекенжайы	Қайтыс болған қызметкердің асырауындағ ы адамның, мұрагерінің Т.А.Ә. (бар болса) және о н ы ң мекенжайы	Залалды өтеу себебі (қаза болу, мүгедектігі, ауыр немесе жеңіл мертігу)	Біржолғы өтемақы сомасы	Төлем құжатының № мен күні	Егер өтінішті тіркеуден бас тартылса, онда бас тартудың себебі
1	2	3	4	5	6	7

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2011 жылғы 20 қазандағы
№ 1192 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының, азаматтық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметінің қызметкерлерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына және халықаралық ұйымдарға іссапарға жіберу қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.12.2022 № 1126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Осы Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының, азаматтық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметінің қызметкерлерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына және халықаралық ұйымдарға іссапарға жіберу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан

Республикасының Заңы 45-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының, азаматтық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметінің қызметкерлерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына және Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын халықаралық ұйымдарға (бұдан әрі – халықаралық ұйымдар) іссапарға жіберу тәртібін айқындайды.

2. Қазақстан Республикасының тиісті заңдарында айқындалған міндеттерді орындау мақсатында Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының, азаматтық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметінің қызметкерлерін (бұдан әрі – іссапарға жіберілген адамдар) іссапарға жіберу:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне, Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының аппараттарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына – Қазақстан Республикасы Үкіметінің актісі негізінде;

2) Қазақстан Республикасының өзге мемлекеттік органдарына – олардың бірінші басшыларының келісуі бойынша Қазақстан Республикасының құқық қорғау органының, азаматтық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметінің актісі негізінде;

3) халықаралық ұйымдарға – егер ратификацияланған тиісті халықаралық шарттарда өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасы Үкіметінің актісі негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 17.03.2023 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Іссапарға жіберілген адамдардың Қазақстан Республикасының тиісті құқық қорғау органдарының, азаматтық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметінің қызметкері мәртебесі сақталады.

4. Іссапарға жіберілген адамдарға Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі, Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының аппараттары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты және Қазақстан Республикасының басқа да мемлекеттік органдары қызметкерлерінің тиісті санаттары үшін белгіленген лауазымдық айлықақылар, сондай-ақ арнаулы атағы (сыныптық шені) бойынша қолданыстағы заңнамада белгіленген айлықақылар (қосымша ақылар) төленеді.

Бұл ретте іссапарға жіберілген адамдардың лауазымдық айлықақыны белгілеуге құқық беретін мемлекеттік қызмет өтілін есептеу Қазақстан Республикасының тиісті құқық қорғау органының, азаматтық қорғау органының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметінің кадр қызметі ұсынатын анықтама негізінде жүзеге асырылады.

Іссапарға жіберілген адамдарға лауазымдық айлықақылар, сауықтыру жәрдемақылары мен сыйлықақылар төлеу Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігін, Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының аппараттарын,

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратын және Қазақстан Республикасының басқа да мемлекеттік органдарын ұстауға көзделген қаражат есебінен жүргізіледі.

Іссапарға жіберілген адамдарға сыйлықақы беру Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Парламенті палаталары аппараттарының, Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының және Қазақстан Республикасының басқа да мемлекеттік органдарының қызметкерлері үшін айқындалған тәртіппен лауазымдық айлықақылар негізге алына отырып жүзеге асырылады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 17.03.2023 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Халықаралық ұйымдарға іссапарға жіберілген адамдарға, егер ратификацияланған тиісті халықаралық шарттарда өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қаражат есебінен халықаралық ұйымдар жұмыскерлерінің тиісті санаттары үшін белгіленген, жалақы төленеді.

6. Өзге төлемдер, сондай-ақ іссапарға жіберілген адамдарды заттай мүлікпен қамтамасыз ету іссапарға жіберген Қазақстан Республикасының тиісті құқық қорғау органдарын, азаматтық қорғау органдарын, мемлекеттік фельдъегерлік қызметін ұстауға көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылады. Біржолғы сипаттағы төлемдер іссапарға жіберілгенге дейін атқарған соңғы лауазымы бойынша лауазымдық айлықақыдан есептеледі.

7. Іссапарға жіберілген адамдарға кезекті арнаулы атақтар мен сыныптық шендер беру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

8. Мемлекеттік органдарға іссапарға жіберілген адамдарды аттестаттау тиісті мемлекеттік органдардың қызметкерлері үшін белгіленген тәртіппен, ал халықаралық ұйымдарға іссапарға жіберілген адамдарды аттестаттау Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының, азаматтық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметінің қызметкерлері үшін белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

9. Іссапарға жіберілген адамдарды көтермелеу және тәртіптік жауаптылыққа тарту Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Парламенті палаталары аппараттарының, Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының және Қазақстан Республикасының басқа да мемлекеттік органдарының қызметкерлері үшін белгіленген тәртіппен осы мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған өкілеттіктері шегінде жүргізіледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 17.03.2023 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10. Іссапарға жіберілген адамдарды зейнетақымен қамсыздандыру Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Бұл ретте

мемлекеттік органдарға іссапарға жіберілген адамдар үшін олар Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігінде, Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының аппараттарында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратында және Қазақстан Республикасының басқа да мемлекеттік органдарында атқаратын лауазымдары бойынша лауазымдық айлықақылар, ал халықаралық ұйымдарға іссапарға жіберілген адамдар үшін іссапарға жіберілгенге дейін атқарған соңғы лауазымы бойынша лауазымдық айлықақылар есепке алынады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 17.03.2023 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2011 жылғы 20 қазандағы
№ 1192 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасының өсімдік карантині жөніндегі мемлекеттік қызмет қызметкерлерін нысандық киіммен қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 18 маусымдағы № 515 қаулысы.

2. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының қызмет өткеруі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27 желтоқсандағы № 1644 қаулысы.

3. "Сот приставтарының нысандық киімі мен ерекшелік белгілері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 қарашадағы № 1726 қаулысы.

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27 желтоқсандағы № 1644 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 21 тамыздағы № 1287 қаулысы.

5. "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары қызметкерінің қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезеңінде оның қаза табуы (қайтыс болуы) немесе зақымдануы жағдайында біржолғы өтемақы төлеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 24 қаңтардағы № 97 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., № 5, 28-күжат).

6. "Қазақстан Республикасы қаржы полициясы органдарының қызметкері қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезеңінде қаза тапқан (өлген) немесе мертліккен жағдайда және қайтыс болған немесе қаза болған қаржы полициясы органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлерін жерлеу үшін біржолғы өтемақы төлеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 қарашадағы № 1260 қаулысы.

7. "Қазақстан Республикасындағы теңіз және ішкі су көлігіндегі мемлекеттік бақылау қызметкерлерінің нысанды киімінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 1 қазандағы № 1013 қаулысы.

8. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 қарашадағы № 1726 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 желтоқсандағы № 1283 қаулысы.

9. "Әскери қызметшілерді, ішкі істер органдарының, қаржы полициясының, прокуратураның қызметкерлерін Қазақстан Республикасының жекелеген мемлекеттік органдарына іссапарға жіберу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 тамыздағы № 826 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 29, 384-құжат).

10. "Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының қызметкері қызметтік міндеттерін атқару кезеңінде не қызметтік міндеттерін атқару кезінде алған жарақат немесе мертігу салдарынан қызметтен босатылғаннан кейінгі бір жыл ішінде қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда олардың асырауындағылары мен мұрагерлеріне біржолғы өтемақы төлеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 7 ақпандағы № 114 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 6, 62-құжат).

11. "Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкері қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезеңінде мертіккен жағдайда оған, ал ол қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда өтемақы алуға құқығы бар адамдарға біржолғы өтемақы төлеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы № 212 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 12, 118-құжат).

12. "Қазақстан Республикасы әділет органдарының қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлеріне қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезеңінде мертіккен кезде, ал олар қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда оны алуға құқығы бар адамдарға біржолғы өтемақы төлеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 сәуірдегі № 299 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 14, 159-құжат).

13. "Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қатардағы және басшы құрамының қызмет өткеруі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 15 сәуірдегі № 363 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 17, 201-құжат).

14. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы № 212 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 11 қазандағы № 1011 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 37, 519-құжат).

15. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27 желтоқсандағы № 1644 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 3 қарашадағы № 1093 қаулысы.

16. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 1 қазандағы № 1013 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 29 қарашадағы № 1172 қаулысы.

17. "Қазақстан Республикасының әділет органдары қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлерін мемлекеттік органдар мен халықаралық ұйымдарға іссапарға жіберу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 19 шілдедегі № 614 қаулысы.

18. "Қазақстан Республикасының әділет органдары қылмыстық-атқару жүйесінің қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың қызмет өткеруі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 шілдедегі № 639 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 26, 302-құжат).

19. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27 желтоқсандағы № 1644 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 қарашадағы № 1034 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 42, 488-құжат).

20. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 шілдедегі № 639 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 68 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 2, 31-құжат).

21. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің өрт қауіпсіздігі саласындағы кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 18 қарашадағы № 1068 қаулысының 30-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 43, 492-құжат).

22. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің өрт қауіпсіздігі саласындағы кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 18 қарашадағы № 1068 қаулысының 28-тармағы.

23. "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 маусымдағы № 913 қаулысының 3-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 30, 271-құжат).

24. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 шілдедегі № 639 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 23 шілдедегі № 1125 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 34, 323-құжат).

25. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 шілдедегі № 639 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2010 жылғы 24 сәуірдегі № 350 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 31, 244-құжат).

26. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 тамыздағы № 826 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 3 шілдедегі № 694 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 42, 378-құжат).

27. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27 желтоқсандағы № 1644 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 2 қыркүйектегі № 873 қаулысы.

28. "Кеден органының лауазымды адамына қызметтік міндеттерін орындауына байланысты, өзінің кәсіби қызметімен одан әрі айналысуына мүмкіндік бермейтіндей болып мертіккен не денсаулығына өзге де зақым келген кезде, сондай-ақ ол қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда біржолғы өтемақы төлеу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 7 қазандағы № 1034 қаулысы.